

оқудан талмай, білім шыңына шығып, еліміздің болашағының дамуына үлесімізді қосу біз үшін үлкен міндет, үлкен мақтаныш! Білім беру саласын дамыту арқылы еліміздің жастары мен жас ұрпағы, шет мемлекеттерінің білім беру жүйесі талаптарына сай, жоғары бәсекеге қабілетті мамандары болмақ.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына жолдауы, Астана.
- 2.«Болашағы зор балапан» мақаласы, «Айқын» газеті, 2013.
- 3.Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, 2013.
4. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту // Алматы, 2005.
5. Бельгибаева Г.К., Кенесбекова С.А. Познавательный интерес как актуальная проблема воспитания учащихся // Социально-гуманитарные исследования и технологии: Научно-практический журнал. – М., 2016. - Т. 5. №. 2. С. 56-59.
6. Бельгибаева Г.К., Кенесбекова С.А., Айтжанова Р.М. Особенности стилей воспитания детей // Международный журнал экспериментального образования. – 2016. – № 8. – С. 53-56.
7. Иманбеков М.М., Белгібаева Г.Қ., Рабаданова Р.С. Ыбырай Алтынсарин ой-пікірлерінің қазақ ағарту ісі философиясының қалыптасуына тигізетін ықпалы // Заманауи білім: Ғыл. мақалалар жин.- Б. П. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016.- Б. 331-334.
8. Бельгибаева Г.К., Кенесбекова С.А., Шишов С.Е., Рабаданова Р.С. К проблеме воспитания познавательного интереса учащихся в Казахстане // Теоретические и методические проблемы развития современного образования / Сборник материалов научно-практической конференции 17-18 февраля 2016; «МГУТУ им. К.Г. Разумовского (ПКУ)». – М., 2016. - С.289-294.

Бельгибаева Г.К., Кенесбекова С.А., Турсынбет Г.Т.

*Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

#### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҚ ТҮСІНГІ ЖӘНЕ ОНЫ САҚТАУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2014ж. 17 қаңтарындағы «Қазақстандық жол – 2050: Ортақ мақсат, ортақ мүдде, ортақ болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлт денсаулығы – біздің жетістікті болашағымыздың негізі», - деп айта отырып, адам денсаулығына ерекше назар аударды [1].

Бүгінгі күні әлеуметтік-экономикалық өзгерістер адамның психикасына және оның бейімдік қабілеттеріне жоғары талаптар қояды. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында, кенес дәуірінен кейінгі барлық кеңістіктердегідей, жүйке-психикалық аурулардың (невротизация, жарақаттан кейінгі стрестік, психосоматикалық бұзылулар), әр түрлі тәуелділіктердің, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени факторлардың салдарынан болатын ауыртпалықты күйініштердің (бұқаралық ақпарат құралдарының әсерінен пайда болған беймазалық қорқыныштар, ноогендік, мазасыз қынжылулардың және т.б.) өсуі байқалады. Осының барлығы жаһандық әлеуметтік-экономикалық және саяси дағдарысты оқиғалармен күрделене түседі. Қазіргі кезде адамдардың психологиялық сырқаттарының белгілері: өзінің өмірлік сұраныстарын қанағаттандыра алмаушылық және құбылмалы әлемде өмір сүру барысында әлеуметтік-құзыретті тұлға болып қала алмау, дезадаптациялық мінез-құлық және қоршаған ортадағы адамдармен тиісті қарым-қатынас сақтауға мүмкіндіктің жоқтығы көбеюде.

Соған орай, ғылымда зерттеуші ғалымдар адам жан-дүниесін психикалық науқас, патология, ауытқу, тұлғашылық қаттығыс тұрғысынан зерттеп қарастырды; адамдағы невроз,

жүйке күйзелістері, басқа даауытқуларға іс-тәжірибеде тиімді жүзеге асатын теориялық сипаттамалар бергенмен, денсаулық мәселесі қозғалмады. Әйтсе де, тұлғалық үйлесімділік, психикалық саулық мәселелері көтерілсе де философиялық, медициналық ұстанымдардан асаалмады. Ал адам табиғаты тек ауытқулар мен күйзелістерден құралмайтыны белгілі.

Психологиялық денсаулық мәселесі көптеген психологиялық мектептердің зерттеу нысаны болған және бұл терминологияға да, зерттелетін мәселенің мазмұнына да көзқарастардың алуан түрлілігін анықтап берді. Көзқарастардың әрқилылығына қарамастан, зерттеушілердің көбі психологиялық денсаулықты «денсаулық» және «психикалық денсаулық» ұғымдарына қарағанда кеңірек түсінеді. Психологиялық денсаулық тұлғаны тұтас сипаттайды, адам жан дүниесінің көріністерімен тікелей байланыста болып, психикалық денсаулық мәселесінің жеке психологиялық аспектісінанықтауға мүмкіндік береді, - деген ғалымдардың пікірлері осы айтқанымызға сәйкес келеді.

Шетелде психологиялық денсаулық мәселесінің түрлі аспектілері К.Киз, Д.Матараццо, М.Мюррей, К.Рифф, Д.Энджел, В.Эванс және т.б. ғалымдармен қарастырылған.

Тұлғаның психологиялық теорияларын талдай отырып, психологиялық денсаулықтың келесі анықтамаларын бөліп көрсетуге болады.

Психоаналитикалық бағытта психологиялық дені сау адам – ол рақаттану ұстанымын шынайылық ұстанымымен үйлестіре алатын адам (З.Фрейд).

Аналитикалық психологияда дені сау адам – ол өз санасыздығының мазмұнын қандай да бір басып алушылықтан бос архетиппен салыстырған адам (К.Г.Юнг). Тән психотерапиясында денсаулықтың невротикалық және психосоматикалық бұзылулары биологиялық энергияның іркіліп қалуының салдарынан болады, сау жағдай энергияның еркін ағымымен сипатталады (В.Райх) .

XX ғ. 50-жылдарында гуманистік психологияда дені сау тұлғаның мәселелері пайда болды. Денсаулықты әлемдегі үйлесімді болмыстың сипаттамасы ретінде қарастыра келе, мұндай амал адам тұлғасының бірегейлігін көрсетеді, өзін-өзі басқаруда, өзін-өзі жетілдіруде байқалатын құндылықтар мен тіршілік мәнінің, еркіндіктің қажеттігін білдіреді (А.Маслоу, Г.Олпорт, К.Роджерс, Э.Фромм және т.б.) .

Гуманистік психология адам орталықтас сананың мақсатын жүзеге асырды, ол үшін «өзімдік» негіз салушы және басты құндылық болып табылады. В.Франклдың төмендегідей пікірі жақсы белгілі: өзін-өзі маңыздандыру – ол адамның түпкі тағдыры емес: «Адамға сыртқы әлемнен табатын мәнді жүзеге асыруға қаншалықты мүмкін болса, ол өзін десоншалықты мөлшерде ғана жүзеге асыра алады... Аңшының тастаған бумерангы нысанаға тимеген жағдайда өзіне қайтып келетіндей, адам да сол тәрізді, өз тағдырынан ауытқып кеткен жағдайда ғана өз-өзіне оралып, ойларын өзін-өзі маңыздандыруға қарай бағыттайды» [2].

Г.Олпорт адам табиғатының проприативтілігі туралы түсінікті енгізе отырып, психологиялық кемелденген тұлғаның бейнесін жасады.

А.Маслоу тұлға мотивациясы теориясының негізінде өзіндік маңыздандыру, психологиялық дені сау адамның бейнесін шығарған. Басқа да атағы кем емес аталған авторлардың дәлелдерін қорытындылай келе, адам табиғатына сөзсіз сенім артатын гуманистік көзқарас тарапынан, К.Роджерс тұжырымдамасы А.Маслоудың өзіндік маңыздану ұғымына едәуір ұқсас келетіндігін айтуға болады. Осы екі автордың арасындағы айырмашылық тұлғаның психикалық денсаулығын әр түрлі түсінетіндіктерінде.

А.Маслоу тұжырымдамасы бойынша, өзіндік маңыздандырылған адамдар қабылдаудың дәлелсіз тиімділігіне ие, бұл олардың дұрыс ойларын, ақиқатты көру қабілетін, олардың ойға қонымдылығын, дұрыс қорытындыға келе алатындығын, яғни когнитивтік тиімділікті шарттайды. Бұладамдардың шынайылықпен барынша жақсырақ өзара әрекеттесу қасиеті, олардың сонылықты нәрсіздіктен, нақтыны абстрактіліден қиналмай ажырата білетіндіктерінен байқалады. Олар шынайы әлемде өмір сүруді жөн көреді, олар біздің көптеген замандастарымыз өмір бойы қоныстайтын жасанды абстракциялар әлемін,

бапталған ұғымдардың, ойша көріністер мен таптаурындар әлемін қаламайды. Өзін-өзі маңыздандырған адамға өзінің жеке қалауларымен емес, қоршаған ортадағылардың үміттері және қорқыныштарымен, жалған және соқыр сенімдерімен де емес, керісінше, өзінің жанындағы адамдармен, нақты оқиғалармен және құбылыстармен жұмыс жасаған ұнайды.

А.Маслоу өзін-өзі маңызды ететін адамдардың келесі көрсеткіштерін белгілеген:

1. шынайылықты қабылдаудың ең жоғары деңгейі;
2. өзін, басқаларды және әлемді шын мәнінде қандай болса, сондай түрінде қабылдай алу қабілеті;
3. жоғары спондандық;
4. мәселеге шоғырлануға барныша дамыған қабілеттілік;
5. анық байқалатын шеттелу және жалғыздыққа айқын ұмтылу;
6. айқын көрінетін дербестілік және қандай да бір ғана мәдениетке тартуға қарсы тұру;
7. қабылдаудың күштілігі және эмоционалдық реакциялардың байлығы;
8. күйзеліс кезінде жиі кездесетін олқылықтар;
9. өзін барлық адамзатқа теңеу;
10. тұлғааралық қатынастардағы өзгерістер (клиницистер «жетістіктер» деп айтар еді);
11. мінездің барынша демократияшыл құрылымы;
12. жоғары шығармашылық қабілеттер;
13. құндылықтар жүйесіндегі белгілі өзгерістер [3].

Гуманистік психологияда денісау адам – қорғаныс амалдарын үнемі қолданатын жан емес, ол жігерлі, ашық, сыртқы ықпалдарға тәуелді емес және өз күшіне сенетін адам. Оңтайлы белсене отырып, мұндай адам өмірдің әрбір жаңасәтінде өмір сүреді. Мұндай адам елгезек келеді, өзгермелі жағдайларға тез бейімделеді, өзгелерге шыдамды, эмоционалды және рефлексиялы. Гештальт-тәсілдемеде психикалық денсаулық, адамның жеке қажеттіліктерін сезіну қабілетінен, мінез-құлқынан, жақсы бейімділіктен және өз-өзіне жауапкершілікті қабылдай алатындықтан байқалатын, тұлғаның жетілгендігімен байланысты болады. Кемелденген және дені сау тұлға барабар, спонтанды және ішкі еркіндікке ие адам (Ф.Перлз).

Экзистенциалдық психология өкілдерін (Бинсвангер, Босс, Франкл, Лэнг, Купер, Мэй, Бугенталь) дамудың негізі болып, өмірдің мәнін иеленгендік саналады деген ой біріктірген. Онда тұлғалық даму қалыптасу мен өзіндік трансценденттіктің үрдісі болып табылады.

Егер психологиялық мектептер бойынша емес, негізін қалаушы мәндік сипаттама бойынша талдау жасайтын болсақ, онда төмендегілерді қарастыруға болады:

- денсаулықты жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы сияқты, дұрыс және толыққанды өзіндік маңызданудың детерминанты ретінде ұғыну (К.А.Абульханова-Славская, Н.А.Коваль, А.Маслоу және т.б.).

- психологиялық денсаулықты, тұлғалық кемелденуді болжайтын қалыптасу үрдісінде жеке адамның иеленетін тұтастылығы ретінде (А.А.Бодалев, Г.Олпорт, Л.А.Рудкевич), өмірлік тәжірибенің бірігуі ретінде түсіну (К.А.Абульханова-Славская, К.Роджерс) [4].

Психологиялық денсаулық мәселесі кеңес психологиясында да негізгі көзқарастар төңірегінде көрсетілген. Осылайша, жүйелік амал психологиялық денсаулықты, көздеген мақсатқа жетуге бағытталған, өзара байланысқан және өзара шартталған құрылымдық-атқарымдық компоненттердің жиынтығы ретінде көрсетуге мүмкіндік берді: психологиялық денсаулықтың динамикалық сипатын оның тұтастығын құрайтын, адамның акмеологиялық және әлеуеттік мүмкіндіктерін білдіретін және ылғи да өзін-өзі жүзеге асырудың жаңа, сапалы басқа дәрежесін тудыратын, оны үнемі қозғалыста, өзгерісте, компоненттерінің түрленуінде көрсету (П.К.Анохин, И.В.Блауберг, Б.Ф.Ломов, В.Д.Шадриков, Э.Г.Юдин және т.б.).

Ю.П.Зинченко, И.С. Бусыгиналармен психологиялық денсаулық кәсіби іс- әрекеттің маңызды негізі ретінде қарастырылады және «кәсіби денсаулық» ұғымы іс-әрекетті тиімді атқаруға мүмкіндік беретін, қажетті және тиісті физикалық және психологиялық атқарымдықтың деңгейін көрсететін жағдай түрінде түсіндіреді.

Психологиялық денсаулықтың келесі өлшемдерін белгілейді:

- адам психикасының әр түрлі салаларында – эмоциялық, мотивациялық, айтуға мүмкіндік беретін және тұлғаның үйлесімсіздігі мен оның қоршаған ортамен байланыстан айырылуы сияқты ауытқуларды анықтайтын психикалық тепе-теңдіктің өлшемдері;
- психиканың барлық салаларының дамуы мен қызмет етуінің біркелкілігі ретінде түсінілетін, оның ұйымдасуындағы үйлесімдік, сонымен қатар олардың тығыз байланысы;
- өзінің ішкі тепе-теңдігін сақтай отырып, тұлғаның қоршаған ортаға бейімделе алу қабілеті сияқты ұғынылатын, ағзаның бейімділік мүмкіндіктері.
- табиғи және әлеуметтік ортаға бейімділік;
- қалыптылық;
- адамның сабырлылығы мен тұрақтылығы;
- адамдар қауымдасуына үйлесімді түрде ену;
- нақты «Мен»-ді мінсіз «Мен» бейнесімен салыстыру. Нақты «Мен»-нің мінсізбен жоғары деңгейде сәйкес келуі адамның психологиялық денсаулығының нақты көрсеткіші болып саналады.

И.В.Дубровина негізгі өлшемдер деп төмендегілерді санайды: өзін, өзінің адамгершілік қасиеттері мен кемшіліктерін қабылдау, өзінің құндылықтары мен бірегейлігін, қабілеттері мен кәсіби іс-әрекеттегі мүмкіндіктерін сезіну; әріптестері мен оқушыларын қабылдау, жасына, мәртебесіне және ұлтына қарамай, әрбір адамның құндылығы мен бірегейлігін сезіну; жақсы дамыған рефлексия, өзінің эмоционалдық күйлерін, мінез-құлық түрткілерін, қылықтарының салдарын ажырата білу; стресске қарсы тұрақтылық, жұмыс ортасының жағымсыз факторларымен пайда болған қиын жағдайларда өзінің жеке қорларын аша білу.

Психологиялық денсаулықтың өлшемдері қазіргі зерттеушілердің көптеген еңбектерінде қарастырылады. Қазір психологиялық денсаулық анықтамасына көбінесе деңгейлік тәсілдеме ұсынылады. М.С.Роговин деңгейлерді сыртқы және ішкі реттеулер қызметтерінің сақталуына негіздейді.

Осылайша, психологиялық әдебиеттерде тұлғаның психологиялық денсаулығы мәселесі бойынша зерттеулер ұсынылады. Олардың талдауларын негізгі бағыттар мен мектептер бойынша жасағандай, психологиялық денсаулық ұғымының мазмұндық мәні жағынан өлшемдер арқылы да жүзеге асыруға болады [5].

#### Әдебиеттер

1. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Нурсултана Назарбаева народу Казахстана «Стратегия «Казахстан 2050»: новый политический курс состоявшегося государства. 17.01.2014 //egov.kz.
2. Унарбекова Н.Д. Тұлғаның психологиялық денсаулығы. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2012. – 156 б.
3. Шувалов А.В. Психологическое здоровье человека//Вестник ПСТГУ: Педагогика. Психология, 2009.- вып.4(10) – 30-36 б.
4. Леонтьев А. Н. Избр. психол. труды: В 2 т. Т. 1. - М.: Педагогика, 1983. - 385 с.
5. Реан А.А. Акмеология личности// Психологический журнал, 2000. - №3. - 88-95 б.

Заркенова Л.С., Белова О.А.

*Карагандинский государственный университет им. академика Е.А.Букетова*

#### ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ РЕЧИ У ДОШКОЛЬНИКОВ С ФОНЕТИКО-ФОНЕМАТИЧЕСКИМ НЕДОРАЗВИТИЕМ

Наиболее важными задачами воспитания и обучения детей дошкольного возраста в детском саду являются обучение родному языку, развитие речи, речевого общения.

Анализ реальной ситуации, сложившейся в настоящее время в системе воспитания и обучения детей дошкольного возраста, показал, что количество детей, имеющих отклонения